

Газ (I), жоғары қысымды ұңғымадан шығып, өнеркәсіптік құбыр арқылы 10-15 Мпа қысымда жұмыс істейтін С-1 жинағыш пунктіне түседі. Пластан сеператорға дейінгі аралықтағы газдардан бөлінген конденсат пен суды тамшы бөлгіш сеператор С-1-де бөледі. Көмірсутек және су конденсациясы (VI) сеператорға барады, ал газ арнайы форсункалар арқылы 70-80%-ті суытылған диэтиленгликоль ерітіндісіне түседі. Кейін газ жылуалмастырғыштан өтеді және С-2 ден шыққан қарсы газ ағыны арқылы суытылады да, қысым 5,5-7,5 Мпа дейінгі аралықта дросселдегіш қондырғыда немесе эжекторда дросселденеді, ал температура 20С-қа дейін суытылады және К-1 абсорбердің түбіне түседі де жоғары концентрленген абсорбент ағынымен контактіленеді. Шикі газ бен абсорбенттің контактіленуі нәтижесінде газдың кебу процесі жүреді.